

Субсидияланатын жұмыс орындарының, субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылатын адамдарға қойылатын талаптардың, олардың жалақысын субсидиялау мөлшерлері мен мерзімдерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 476 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 111-бабының 9-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған субсидияланатын жұмыс орындарының, субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылатын адамдарға қойылатын талаптардың, олардың жалақысын субсидиялау мөлшерлері мен мерзімдерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
20 жылғы 15 маусымдағы
№ 476 қаулысымен
бекітілген

Субсидияланатын жұмыс орындарының, субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылатын адамдарға қойылатын талаптардың, олардың жалақысын субсидиялау мөлшерлері мен мерзімдерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.01.2024 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

--	--	--	--	--	--

Жалақыны

Субсидияның
бір айдағы
мөлшері (
экологиялық
үстемеақылар
бойынша
төлемдерді
есепке
алмағанда,
салықтарды,
міндетті
әлеуметтік
аударымдарды,
пайдаланылмаға
н еңбек
демалысы үшін
өтемақыны
ескергенде)

Субсидияланаты
н жұмыс
орындарына
жұмысқа
орналастырылат
ын адамдарға
қойылатын
талаптар

Сипаттамасы

Субсидияланаты
н жұмыс
орындарының
атауы

Р/с №

					субсидиялау мерзімі
1	2	3	4	5	6
1	Қоғамдық жұмыстар	Мансап орталықтары ұйымдастыратын, жұмыскерлердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, олардың уақытша жұмыспен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік пайдалы бағыттағы еңбек қызметінің түрлері	1) жасы: 16 жастан бастап Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін; 2) мына әлеуметтік мәртебелердің бірінің болуы: - жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар; - оқудан бос уақытта студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары; - өндірістің тоқтап тұруына байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар	кемінде 24 айлық есептік көрсеткіш	12 айдан аспайды
2	Әлеуметтік жұмыс орындары	Жұмыс беруші мансап орталығымен шарт негізінде жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін құратын олардың жалақысы субсидияланаты	1) жасы: 16 жастан бастап Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағымен белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін;	жұмыссыздар үшін – жалақының белгіленген мөлшерінің 35 %-ы, бірақ 24 айлық есептік көрсеткіштен аспайды; үкіметтік емес ұйымдар құрған әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан мүгедектігі бар	

		н арқылы құратын жұмыс орындары	2) жұмыссыз ретінде тіркелу	адамдар үшін – жалақының белгіленген мөлшерінің 70 %-ы, бірақ 24 айлық есептік көрсеткіштен аспайды	12 айдан аспайды
3	Жастар практикасы	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары н іске асыратын білім беру ұйымдарының жұмыссыз түлектері меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында жүзеге асыратын еңбек қызметінің түрі	1) жасы: 35 жастан аспауға тиіс; 2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша оқу бітіргеннен кейін 5 (бес) жыл ішінде; 3) меңгерген кәсіп (мамандық) бойынша жұмыс тәжірибесінің болмауы; 4) жұмыссыз ретінде тіркелу	30 айлық есептік көрсеткіш	12 айдан аспайды
4	"Алғашқы жұмыс орны" жобасының шеңберіндегі жұмыс орындары	Алғаш жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздарға жұмыс орнын және қажетті еңбек дағдыларын беруге бағытталған жоба	1) жасы: 35 жастан аспауға тиіс; 2) жұмыс тәжірибесінің болмауы; 3) жұмыссыз ретінде тіркелу	30 айлық есептік көрсеткіш	18 айдан аспайды
		Оқу орындарының жұмыссыз түлектерін өздері алған кәсібі (мамандығы) бойынша немесе ұлттық кәсіптер сыныптауышын да қызметтің	1) жасы: 35 жастан аспауға тиіс;		

5	"Ұрпақтар келісімшарты" жобасының шеңберіндегі жұмыс орындары	осы тобына жататын ұқсас кәсіп (мамандық) бойынша жұмысқа орналастырып, кейіннен бағытталған Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған, жұмыс істеп жүрген жұмыскерді алмастыруға жоба	2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша оқу бітіргеннен 3 (үш) жыл ішінде; 4) жұмыссыз ретінде тіркелу	30 айлық есептік көрсеткіш	6 айдан аспайды
6	"Күміс жас" жобасының шеңберіндегі жұмыс орындары	50 жастан асқан жұмыссыздардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған жоба	1) жасы: 50 жастан бастап Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағымен белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін; 2) жұмыссыз ретінде тіркелу	жұмыстың бірінші жылы (1-ші айдан бастап 12-ші айға дейін) үшін жалақының белгіленген мөлшерінің 70%-ын құрайды, бірақ 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайды, жұмыстың екінші жылы (13-ші айдан бастап 24-ші айға дейін) үшін жалақының белгіленген мөлшерінен 65%-ын құрайды, бірақ 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайды, жұмыстың үшінші жылы (25-ші айдан бастап 36-ші айға дейін) үшін	

			жалақының белгіленген мөлшерінен 60%-ын құрайды , бірақ 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайды	36 айдан аспайды
--	--	--	--	---------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК